**«8D01704 - Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Акашева Айгерим Омиртаевнаның «Түс мәндері семантикасының лингвомәдени компоненті: лингвистикалық цикл пәндерін оқыту тәжірибесінде корпустық зерттеу» тақырыбына жазылған диссертациясына**

# АҢДАТПА


**Зерттеудің өзектілігі** цифрлық құралдарды тілдік білім берудің лингвомәдени парадигмасына біріктіретін инновациялық форматтарды іздестіруге негізделген. Лингвистикалық цикл пәндерін оқыту үдерісінде лингвомәдени тәсілмен корпустық технологияларды әдіснамалық синтездеу қажеттілігі Ұлттық тілдік корпустардың мәдени негізделген түс атаулары қолданылған сөздері бар түпнұсқалық мәтіндер материалдарында белгіленеді.

**Зерттеу нысаны** түс мәндері семантикасының лингвомәдени компоненті және корпустық технологияларды қолдану арқылы оны зерттеу әдіснамасы болып табылады.

**Зерттеудің мәні** – корпустық лингвистика әдістерімен анықталатын түс мәндерінің мәдени-тарихи, аксиологиялық, прагматикалық мағыналарының жиынтығы және болашақ педагог-филологтардың лингвомәдени, коммуникативтік және лингводидактикалық құзыреттерін қалыптастырудағы олардың әлеуетін анықтау.

**Зерттеудің мақсаты** – білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ филолог-педагогтарды даярлаудың тиімділігін арттыру үшін корпустық технологияларды қолдану барысында түс мәндері семантикасының лингвомәдени компонентін анықтау және түсіндіру бойынша әдістемелік жүйені теориялық негіздеу және практикалық әзірлеу.

**Зерттеу гипотезасы** лингвистикалық цикл пәндерін оқыту үдерісінде корпустық технологияларды қолдану арқылы түс мәндерінің семантикасын түсіндіру нақты материалды статистикалық талдау арқылы тілдің мәдени кодтарын анықтауға және верификациялауға мүмкіндік беретін Data-Driven learning тәсілін іске асыруды қамтамасыз етеді және болашақ педагог-филологтардың сандық, лингвомәдени, коммуникативтік және лингводидактикалық құзыреттерін елеулі түрде көтереді деп болжам жасауға негізделеді.

**Зерттеудің міндеттері**:

1. Әлемнің ұлттық кеңістігінде этномәдени құндылықтарды бейнелейтін вербальды мәдени мағыналар ретінде түс мәндерінің семантикасын зерделеу ерекшелігін негіздей отырып, лингвомәдениеттің генезисі мен теориялық қайнар көздерін зерттеу.

2. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін тірек ретінде негізге ала отырып, лингмәдени аспектіде түс мәндерінің семантикасын

зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау, корпустық технологияларды қолдана отырып, олардың денотативтік, коннотативтік және мәдени-символдық компоненттерінің құрылымын жіктеу мен түсіндіру негіздерін айқындау.

3. Лингвомәдени және коммуникативтік құзыреттілікті дамыту факторы ретінде түс мәндерінің семантикасын корпустық зерттеулердің әдістемелік негіздерін айқындау; лингвомәдени кодты түсіндіру және түрлі коммуникативтік жағдайларда түс мәндерін тиімді пайдалану қабілетін дамыту мақсатында білім алушылардың әлеуетін негіздеу.

4. Болашақ педагог-филологтардың авторлық дидактикалық материалдар мен оқу тапсырмалары жүйесіне түс мәндері семантикасын корпустық зерттеу нәтижелерін кіріктіру алгоритмдерін меңгеруге бағытталған лингводидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін негіздеу және жүзеге асыру.

5. Мәдени кодтың таңбасы ретінде түс мәндерінің семантикасын анықтау және түсіндіру арқылы лингвомәдени, коммуникативтік және лингводидактикалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған лингвистикалық цикл пәндерін оқытуға корпустық технологияларды енгізудің авторлық әдістемелік жүйесін әзірлеу және сынақтан өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының көпмәдениетті және көптілді ортасында мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастыру.

**Диссертациядағы зерттеу материалдары** қазақстандық және шетелдік ғалымдардың лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениет саласындағы еңбектерінен тұратын кешенді; орыс және қазақ тілдерінің ұлттық корпустарынан алынған лингвистикалық мәліметтердің репрезентативтік жиынтығын; лексикографиялық дереккөздерді; оқу-әдістемелік материалдарды, авторлық диагностикалық материалдарды, сондай-ақ педагогикалық эксперимент жүргізу барысында алынған эксперименттік мәліметтерді қамтиды.

**Зерттеу әдістері**:

1) зерттеу барысында түс мәндерінің семантикасын теориялық зерделеу кезеңінде: *талдау және синтездеу әдістері; сипаттау-талдау әдісі; салыстырмалы-типологиялық әдіс; терминологиялық талдау* әдістері пайдаланылды.

2) түс мәндерінің семантикасын түсіндіру кезеңінде, лингвистикалық цикл пәндерін оқыту практикасында корпустық технологияларды қолдана отырып: *конкордтық талдау; коллокациялық талдау; квантитативтік талдау; лингводидактикалық модельдеу әдістері* кеңінен қолданылды.

3) авторлық әдістемелік жүйені негіздеу және оның тиімділігін тексеру кезеңінде: *педагогикалық эксперимент; педагогикалық модельдеу әдісі; сараптамалық бағалау және диагностика әдісі; деректерді статистикалық өңдеу әдістері; педагогикалық рефлексия* әдістері қолданылды.

**Қорғауға ұсынылатын ережелер:**

1. Лингвомәдени аспектідегі түс мәндерінің семантикасы этномәдени құндылықтарды және әлемді қабылдаудың ұлттық ерекшелігін

жандандыратын күрделі вербалданған мәдени кодты білдіреді. Түс мәндерінің мәдени шарттылығы олардың әлемнің ұлттық кеңістігіндегі рөлін айқындайды және кешенді лингвомәдени талдауды талап етеді.

2. Түс мәндерінің семантикасын түсіндірудің лингвомәдени аспектісі тілдегі түс мәндерінің қызмет атқаруының өзектілігі негізінде олардың құрылымының теориялық негіздемесін біріктіретін, семантикасын, теориялық тұжырымдамаларын нақтылау және верификациялау құралы ретінде корпустық технологияларды жіктеу мен қолданудың кешенді тәсілдеріне негізделеді.

3. Лингвистикалық пәндерді оқытуда түс мәндері семантикасында корпустық талдауды қолдану әдістемесі болашақ педагогтардың лингвомәдени және коммуникативтік құзыреттерін қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады, өйткені контекстермен және коллокациялармен жұмыс мәдениетаралық коммуникацияда түс мәндерін тиімді қолдануға мүмкіндік беріп қана қоймай, мәдени кодтарды саналы түрде декодтауды қамтамасыз етеді.

4. Болашақ педагог-филологтардың лингводидактикалық құзыретін тиімді қалыптастыру тапсырмалар жүйесіне және дидактикалық материалдарға корпустық деректерді түрлендіру алгоритмдерін дәйекті игеруді қамтамасыз ететін мәтінді талдаудың корпустық әдістерін меңгеруге негізделген авторлық әдістемелік модель арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Корпустық технологияларды лингвистикалық цикл пәндерін оқытуда кіріктіре қолдану лингвомәдени, коммуникативтік және лингводидактикалық құзыреттерді тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін біртұтас әдістемелік жүйе болып табылады. Әдістемелік жүйені байқаудан өткізу Қазақстан Республикасының көптілді білім беру кеңістігі жағдайында оның мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастырудағы нәтижелілігін растайды.

**Зерттеудің жаңалығы** дәстүрлі семантикалық талдауды және корпустық лингвистиканың мүмкіндіктерін кіріктіретін лингвомәдени аспектідегі түс мәндерін зерделеудің кешенді тәсілінен тұратындығында. Түс мәндерінің семантикасы Қазақстанның көптілді ортасын ескере отырып, орыс және қазақ тілдерінің түпнұсқалық материалдарында зерттеледі. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерінің жаңалығы лингвистикалық цикл пәндерін оқыту практикасында түс мәндері семантикасын корпустық зерттеулердің әдістемелік негіздерін жасаудан тұрады. Сондай-ақ болашақ педагогтардың лингвомәдени және коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыруға арналған оқу тапсырмалары жүйесін әзірлеуде іске асырылатын түс мәндері семантикасын корпустық зерттеулердің лингводидактикалық әлеуеті негізделеді. Зерттеудің бұдан басқа да жаңалығы корпустық лингвистика құралдарымен күшейтілген тілдік пәндерді оқытуда лингвомәдени және прагматикалық тәсілдерді біріктіруді қамтитын авторлық әдістемелік жүйені әзірлеумен қамтамасыз етіледі. Құзыреттерді қалыптастыру мәдени-таңбаланған лексика құрамындағы түс мәндерінің семантикасымен жұмыс

істеу негізінде жүргізіледі, ол өз кезегінде ұлттық корпустар ұсынған дәлме-дәл түпнұсқалық материалдарда зерделенеді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** корпустық технологияларды қолдана отырып, түс мәндерінің семантикасын кешенді зерттеу арқылы лингвомәдениетті, сандық лингводидактиканы, педагогиканы дамытуға елеулі үлес қосумен айқындалады. Жұмыстың ғылыми-теориялық құндылығы қазақстандық және шетелдік зерттеулерге сүйене отырып, түс мәндерінің семантикасы туралы ғылыми түсінікті кеңейтуден тұрады: орыс және қазақ тілдеріндегі әлемнің түс бейнесінің теориялық модельдері нақтыланып, толықтырылды; түстік мәндердің қайталама номинациялары мен мәдени мағыналарын қалыптастыру тетіктері анықталды; түрлі тәсілдер мен тұжырымдамаларды қамтитын түс мәндерін жіктеу ұсынылды. Зерттеудің әдіснамалық жаңалығы түс мәндері семантикасының лингвомәдени ерекшелігін нақтылауда корпустық деректердің репрезентативтілігін дәлелдеуге арналған корпустық технологиялармен дәстүрлі лингвистикалық әдістердің тиімді кіріктірілуін негіздеумен қамтамасыз етіледі. Болашақ педагог-филологтардың лингводидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру негізі ретінде лингвистикалық материалды талдаудың корпустық әдістерінің маңыздылығы теориялық тұрғыдан дәлелденді. Зерттеуде ұсынылған авторлық әдістемелік жаңашылдық жүйе көп мәдениетті Қазақстанның білім беру ортасы жағдайында тілдік білім беруді дамытуға айтарлықтай үлес қосады.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** оның нәтижелерін жоғары мектептің білім беру үдерісінде, сондай-ақ болашақ педагогтардың кәсіби қызметінде қолдану мүмкіндігінен тұратындығында. Тілдік фактілерді корпустық зерттеудің әзірленген әдістемелік жүйесі мен алгоритмдерін тілдер бойынша педагогтарды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларына, сондай-ақ магистратура мен докторантура деңгейіндегі пәндерге (лингвомәдениеттану, корпустық лингвистика және т.б.) кіріктіруге болады. Зерттеуде ұсынылып отырған дидактикалық материалдар кешені лингвомәдени, коммуникативтік және лингводидактикалық құзыреттерді қалыптастыру үшін өзге филологиялық пәндер шеңберінде жаңа сипатқа ие бола алады. Практик-мұғалімдер тапсырмалар мен жұмыс парақтары және басқа да дидактикалық өнімдер жүйесіне корпустық деректерді түрлендірудің лингводидактикалық алгоритмдерін оқу үдерісінің педагогикалық дизайны шеңберінде пайдалана алады. Зерттеу материалдары филологиялық талдауда цифрлық құралдарды пайдалану саласындағы біліктілікті арттыру курстарының мазмұны ретінде қызмет ете алады.

**Апробация.**

Аталған диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері PhD докторанттарының ғылыми-әдістемелік семинарларында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының отырыстарында (2023 жылғы қыркүйектен 2025 жылғы желтоқсанға дейін) сынақтан өткізілді. Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 6 мақала, оның ішінде 2 мақала Scopus ДБ-ға кіретін журналдарда, 2 мақала ҚР ҒЖБМ

ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда, 2 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарық көрді.

**Scopus ДБ-да жарияланған мақалалар:**

1. Киклевич А.К., Акашева А.О. Түс атауларының этномәдени ерекшелігі туралы: қазақ тіліндегі «*қоңыр*» және поляк тіліндегі «*brązowy*» (*қоңыр*) түс атауларының салыстырмалы талдауы // *Przegląd Wschodnioeuropejski*. – 2025, 16-том., №1. 261–286 б.https://doi.org/10.31648/pw.11463

2. Акашева А.О., Бегалиева С.Б., Магауова А.С. Орыс және қазақ тілдеріндегі «*көк*» түсінің лингвомәдени символикасы // *Сібір федералдық университетінің журналы. Гуманитарлық ғылымдар*. – 2025 – 18-том. – №9. – 1757–1769 б.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК *тізімдемесіндегі журналдарда жарық көрген мақалалар:*

1. Акашева А.О., Магауова А.С., Сегізбаева М.А. Студенттердің тілдік құзыреттілігін арттыру мақсатында түс атауларын оқытуда лингвистикалық корпустарды қолдану әдістемесі // *«Известия» журналы. Педагогика ғылымдары сериясы*. – 2025. – 76-том. – №1. – 416–428 б. https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.027

2. Акашева А.О., Бегалиева С.Б., Сегізбаева М.А. Жоғары оқу орнындағы болашақ мамандарды даярлауда корпус технологияларының рөлі // *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы*. – 2025. – 87-том. – №3. – 269–279 б. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.024

*ХҒПК материалдарында жарияланған мақалалар:*

1. Акашева А.О., Сегізбаева М.А. Болашақ педагогтардың тілдік құзыреттерін қалыптастыруда «*ақ*» түс атауын оқыту барысында корпус технологияларының рөлі мен маңызы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған *«Ғылым мен қоғамның өзара әрекеттестігі: тіл, инновация, мәдениет»* атты халықаралық форум материалдары. – Алматы, Қазақстан, 2024 ж. – 375–382 б.

2. Акашева А. О., Сегізбаева М. А. Орыс және қазақ тілдеріндегі *«қызыл»* түстің символикасы: корпус талдауы нәтижелері // *«Орталық Азия елдеріндегі орыс тілі мен әдебиеті»* атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Душанбе, Тәжікстан Республикасы, 2025 ж. – 248–252 б.

**Зерттеу құрылымы** кіріспеден, және үш бөлімнен (теориялық, практикалық, әдістемелік), қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияның көлемі – 177 бет, пайдаланылған дереккөздердің тізімі 151 атауды қамтиды.